

**Жалпы (меншік нысанына қарамастан) білім беретін мектеп мұғалімдеріне арналған педагогтердің біліктілігін арттыру курсының «Сабақты зерттеу /Lesson Study:теория мен тәжірибе» білім беру бағдарламасы.**

## **1. Жалпы ережелер**

Бағдарлама «Сабақты зерттеу/ Lesson Study» үдерісінің ерекшелігіне сәйкес оқытудың мазмұндық-ұйымдастырушылық және оқытудың зерттеушілік-әдістемелік тәсілдерінің бірлігі негізінде сапалы педагогикалық-психологиялық оқыту ортасын құру, инновациялық әдіс-тәсілдерді қолдану арқылы зерттеушілік, тәжірибелік іс-әрекетіне рефлексия жасау, дамыту негізінде мұғалімнің әдістемелік-практикалық,зерттеушілік дағдыларын жетілдіруге бағытталады.

## **2. Глоссарий**

1. Зерттеу – проблеманы зерделеуде ғылыми әдістерді қолдану.
2. Зерттеу сұрағы- нақты,топталған,ықшамды,кешенді,сондай-ақ дәлелді талап ететін сұрақ.
3. Зерттеушілік әңгіме-бұл әңгіме түрінде әркімнің идеясы пайдалы деп қарастырылғанымен,олар егжей-тегжейлі бағалаудан өтеді.
4. Әріптеспен кеңесу- іс-тәжірибеде туындаған кәсіби мәселелерді шешуге бағытталған,белгілі бір жолмен құрылған әңгіме арқылы іске асырылатын әріптеспен жүргізілетін қарым-қатынас.
5. Басымдық-белгілі бір іс-әрекетті жүзеге асырудың уақыт жағынан бірінші кезекте болуы
6. Кері байланыс-белгілі бір әрекетті немесе оқиғаны түсіну,игеру,онымен келісіп, келіспейтіндігін көрсететін белгілі бір әрекет немесе оқиға туралы пікір,баға беру, жауапты реакция.
7. Қадағалау-белгілі бір құбылыстың қарқынын немесе бақылау объектісінде болып жатқан өзгерістерді көруге мүмкіндік беретін жоспарлы түйсіну.
8. Lesson Study/Сабақты зерттеу-мұғалімдер тәжірибесі саласындағы білімді жетілдіруге бағытталған ынтымақтастық педагогикалық тәсіл. Оған жоспарлау,оқыту,қадағалау,оқыту мен оқуды талдау,өз қорытындыларын тұжырымдап,құжаттауды бірлесіп жүзеге асыратын мұғалімдер тобы қатысады.Цикл өткізілген соң педагогикалық тәсілдер түрлендіріліп немесе жетілдіріліп,ашық сабақ, таныстырылым өткізіліп, баспада жариялау арқылы әріптестеріне таратады.
9. «Оқушы үні»-2004 жылы Джин Раддок бастаған Кембридж университетінің зерттеушілері бастама жасаған жобасы,олар оқушылардың оқу мен оқыту үдерісіне қатысты ой-пікірлеріне назар аударады.
10. Оқытуды саралау-әрбір оқушының жеке қажеттіліктеріне сәйкес нұсқауларды,тапсырмаларды,материалдарды, әдістерді, т.б. іріктеу үдерісі.
11. Оқытудың күтілетін нәтижелерін жоспарлау-түсіну дәрежесін, дағдының болуын,сабақ соңында оқушылар көрсете алатын қызмет немесе іс-әрекет өнімін анықтайтын тұжырым.

12. Рефлексия-субъектінің назарын өзіне, атап айтқанда, оларды қайта ойлап, қорыту мақсатында өз белсенділігінің өніміне аударуы.

13. Рефлексиялық есеп-теориялық материал туралы қажетті біліммен нығайтылған, тәжірибелік іс-әрекетін терең талдаумен бірге жүретін мұғалімнің тәжірибелік іс-әрекетінен алынған мысалдар жазылған құжат. Негізгі сұрақтары: Неліктен осындай жағдай орын алды немесе алмады? «Кемшіліктерді» қалай «жетістіктерге» айналдырамын? Келешекте іс-тәжірибемді қалай жақсартамын?

14. Рефлексивті практик-өзінің оқыту және оқу тәжірибесін дамыту, өзгерту және жетілдіру әдістерін мұқият және үнемі ойластырып жүретін педагог.

15. Сын тұрғысынан ойлау – қадағалау, тәжірибе, ойлану нәтижесінде алынған ақпараттың мағынасын тануда, оны бағалауда және талдауда аналитикалық тәсілдің қолданылуын көздейтін ойлау түрі.

16. Сындалы оқу – талдау, эксперимент, жетекшілік ету арқылы жүргізілетін зерттеу, мәселені шешу, ойлану сияқты белсенді зерттеу әдістерін пайдалану кезінде түсініктер мен дағдыларды қалыптастыру арқылы оқу.

17. Сыни талдау- әрекет, үдеріс не өнімнің нәтижелілігін /негізділігін анықтау және бұлардың неліктен нәтижелі/құнды/негізді болу себебін айқындау үдерісі.

18. Сыншы дос-кәсіби сенімді қарым-қатынас орнаған, тәжірибеңізге сыни талдау жасау және сындарлы кері байланыс ұсыну арқылы оқыту мен оқу тәжірибеңізді жетілдіруге көмектесетін әріптес, коуч, тәлімгер.

19. Талдау-біртұтас нысанды, затты, құбылысты оған тән құрамдас элементтерге ыдырату үдерісі, ондағы жеке тараптарды анықтап, біртұтас нәрсенің бөлігі ретінде әрбір элементті немесе тарапты зерделеу. Оның 2 түрі бар: 1. Тәжірибелік іс-әрекет ретінде 2. Ой операциясы ретінде

20. Тізбектелген сабақтар топтамасы-ортақ тақырып, оқыту мақсаттары, міндеттері мен күтілетін нәтижелері арқылы бірлескен, кемінде төрт сабақ.

### 3. Бағдарлама тақырыптары

<p><b>1-бөлім.</b> <b>Қазіргі білім беруді дамытудың нормативтік және психологиялық-педагогикалық аспектілері</b></p>	<p><b>1.1.</b> Білім берудегі нормативтік-құқықтық актілер және заманауи оқу мен оқытудағы психологиялық-педагогикалық әдіс-тәсілдер. ХХІ ғасыр дағдылары.</p> <p><b>1.2.</b> Мектептегі зерттеушілік мәдениет. Заманауи оқу мен оқытуда негізге алынатын мұғалімнің зерттеушілік құзыреттілігі. Мектепшілік мұғалімдер қоғамдастығында зерттеушілік мәдениеттің қалыптасуына әсер ететін факторлар, Сабақты зерттеу (Lesson Study) үдерісінің – мектептегі Іс-әрекетті (зерттеудің негізгі формасы ретінде қызметі мен мектептің зерттеушілік мәдениетіне әсері).</p>
<p><b>2-бөлім.</b> <b>Мұғалімдердің зерттеушілік дағдыларын дамыту</b></p> <p><b>3-бөлім.</b> <b>«Сабақты зерттеу» үдерісі арқылы оқу мен оқыту сапасын көтеру және мазмұн мен әдіс-тәсілдерді жетілдіру арқылы мұғалімдердің құзыреттілігін дамыту</b></p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- SMART, FINER, PICOT зерттеу әдістерін,</li> <li>- Ф.Киркман мен Т.Ласковскийдің сұрақты құрылымдау алгоритмін меңгеру;</li> <li>- Бақылау күнделігін жүргізу немесе цифрлық құрылғыларда жазба жасауға дағдылану;</li> <li>- Зерттелетін оқушы әрекетін талдау парағын жүргізу;</li> </ul> <p>Жалпы үдеріс бойынша, зерттеу сабағы бойынша рефлексия жасау арқылы рефлексиялық есеп жазу негізінде өз тәжірибесіне, ғылыми-әдістемелік маңыздылығына баға беру.</p> <p><b>2.1. Үдерістің теориялық-тәжірибелік негізі</b> Жалпы үдеріс туралы, тарихы, қазіргі жағдайы, қазақстандық жүйенің қалыптасу кезеңі;</p> <p><b>2.2. Зерттеу тобын құру</b> Зерттеу мақсаты мен келелі ортақ мәселелер бойынша бірлесіп, топ құру негіздері, ережелері, топ жұмысын визуализациялау.</p> <p><b>2.3. Зерттеу сұрағын құрылымдау.</b> Зерттеу сұрағы немесе тақырыбы туралы түсінік қалыптастырып, сұрақ түрлерін және оларды құрылымдау әдіс-тәсілдерімен танысу, сол арқылы зерттеу сұрағын құрылымдау.</p> <p><b>2.4. Зерттеу сабағын жоспарлау.</b> Байқау сабақтарында жүргізілген бақылау (Бақылау күнделігіндегі жазба немесе цифрлық құрылғыда жинақталған жазба, үнжазба) деректері бойынша сабақты бірлесе жоспарлау, зерттелетін оқушыларды анықтау және оларға бағытталған зерттеу нысандарын алдын-ала белгілеу, зерттеуді жүргізу, сабақты өткізу бойынша барлық нысандармен танысу, зерделеу. Үдеріске байланысты сабақ жобасын жасау.</p> <p><b>2.5. Зерттеу сабағын бақылау/қадағалау</b></p>

<p><b>4-бөлім.</b> <b>Вариативтік</b> <b>мазмұн</b></p>	<p>Құрылымдалмаған, жартылай құрылымдалған және құрылымдалған бақылау/қадағалау түрлерімен танысу, жүргізу.</p> <p><b>2.6. Зерттеу үдерісінде деректер жинау</b> Сандық, сапалық деректер, оларды жинау түрлері, жинау барысында шынайылығы мен дұрыстығына назар аудару, тәжірибелерімен бөлісу.</p> <p><b>2.7. Зерттеу сабағынан кейінгі талқылау</b> Талқылауға байланысты сценарий, нысандар, үлгілермен танысу, зерделеу, жұмыс жасау.</p> <p><b>2.8. Рефлексия- үдерістің негізгі әдісі</b> Рефлексия туралы ғалымдардың пікірлері, рефлексия парағы, «Оқушы үні», суреттер мен құрылғылар, бейнесабақтар. Рефлексиялық есеп жазу жолдары.</p> <p><b>2.9. Зерттеу нәтижелерін жариялау.</b> Мектепшілік директор жанындағы кеңес пен педкеңес, Жетекші және серіктес мектептер қоғамдастықтары арасындағы кеңестер, семинарлар, конференцияларда баяндамалар жасау, шеберлік сабақтарын өткізу, зерттеу алаңшаларында галереялар ұйымдастыру. Әлеуметтік желілерде жарияланымдар жасау. Зерттеу үдерісі бойынша жинақталған әдістемелік талдамалар, нұсқаулықтар, құралдар жасау арқылы тәжірибе жинақтау және тарату.</p>
	<p>4.1. Пән бойынша белгілі бір зерттеу сұрағын құрылымдау.</p> <p>4.2. Зерттеу сабағының жоспарын жасап, қорғау, рефлексиялық есеп жазу</p>

#### **4. Бағдарламаның мақсаты, міндеттері мен күтілетін нәтижелері**

**Бағдарламаның мақсаты:** мұғалімдердің Сабақты зерттеу/Lesson Study үдерісі туралы педагогикалық тәжірибелерін талдап, жетілдіру, зерттеу дағдыларын дамыту.

Бұл үдеріс оқыту мен оқу тәсілдерін мұғалімдердің зерттеу тәжірибесін кәсіби қызмет мәнмәтінінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Педагогика саласындағы зерттеулердің ішінде тікелей тәжірибені зерттеуге бағытталған үдерістердің маңызы зор. Олар озық педагогикалық тәжірибені зерделеуде, сондай-ақ мұғалім өз тәжірибесінің белгілі бір қырларын зерттегенде қолданылады. **Зерттеу қызметі** мұғалімге өзінің оқыту және оқушылардың оқу тәжірибесінің қыр-сырын бағамдауға жол ашады. **Зерттеу нәтижелері** оларды мектептегі немесе кәсіби қоғамдастықтағы әріптестерімен талқылау мұғалімге өз тәжірибесіне сын көзбен қарауға түрткі болып, оны жетілдіру жолдарын іздеуге және кәсіби шеберлігін арттыруға ынталандырады. Сонымен қатар, бұл зерттеу тәсілдерін іске асыру барысында мектеп жүйесін жетілдіру үшін **мұғалімдердің кәсіби қоғамдастығының әлеуеті** кеңінен қолданылады. Сол арқылы мұғалімдер-

де **бірлесіп жұмыс істеу мәдениеті** қалыптасады. «Мұғалімдер сыныпта зерттеу жүргізу тәжірибесіне талдау жасай отырып, өзгерістерді құрылымда

болып жатқан оқыту тәжірибесіне енгізілген өзгерістермен байланыстырып, өздерін осы өзгерістерді қозғаушы күштің бір бөлігі ретінде қабылдайды» (Мадеева, Насығазы, Салтыбаева, 2016).

Бағдарлама барысында педагогиканың бірқатар мәселелері қарастырылғанымен, **мұғалімнің тәжірибелік қызметі мен зерттеу қызметін үйлестіру оның негізгі өзегі** болып табылады. Тек өзінің күнделікті тәжірибесінің негізінде ғана мұғалім өзінің кәсіби қызметінде орын алған келелі мәселелер мен қиындықтарды анықтай алады.

Зерттеу арқылы мұғалімнің іздену шараларының құны артады. Ол тәжірибені жетілдіруге бағытталғандықтан, бұл үдеріске мектеп әкімшілігі, оқушылар мен ата-аналар тартылады. Бұл ретте мәселені қарастыру барысында үнемі дұрыс не бұрыс жауап табу мүмкін емес, нақтырақ айтқанда, мәселенің бірнеше пікірге негізделген болжамды шешімі анықталады. Зерттеу барысында оған қатысушылар нақты мәселелерге сын тұрғысынан қарап, өзгеріс енгізу жөніндегі сыншы агент ретінде әрекет ете отырып, үдеріске өз үлесін қосады және одан пайда алады (Шмук, 1997).

### **Бағдарламаның міндеттері:**

-үдерістің шығу тарихынан бастап, қазақстандық модельге ену жолдарын көрсету арқылы ,

-үдерістің оқу мен оқытудағы басты объектісі-оқушыға қолайлы жағдай мен сапалы білім беруді күшейтуге бағытталғандығын білу негізінде,

-үдерістің нәтижелілігі - мұғалімнің кәсіби өсуі оқушының білімі сапасының артуы көрсеткіші екендігін түсіне отырып, мақсатқа бағытталған және сапалы зерттеу жүргізуді үйрену.

#### **Күтілетін оқу нәтижелері.**

Курсты аяқтағанда тыңдаушылар:

- жалпы мектеп мұғалімдері Сабақты зерттеу үдерісінің теориясы мен тәжірибесі туралы білім алады, білімдерін толықтырады;

- Сабақты зерттеу үдерісіне қатысты халықаралық және отандық нормативті құжаттармен, әдебиеттермен танысады;

- үдеріске қатысты қағидаттармен танысады;

- үдеріске қатысты топ құру мен зерттеу сұрағын құрылымдауды үйренеді;

- Сабақты зерттеу үдерісінің типтерімен танысып, таңдау жасайды;

- Сабақты жоспарлау, бақылау, талқылау нысандарымен жұмыс жасауды үйренеді, тәжірибесін жетілдіреді;

- Сабақты зерттеу үдерісіне қатысты жалпы қазақстандық мектептер тәжірибелерімен танысады;

- Сабақты зерттеу үдерісіне қатысты рефлексиялауды үйренеді, рефлексиялық есеп жазуды меңгереді;

- үдеріс арқылы баланың оқуына жағдай жасай отырып, өзінің педагогикалық, психологиялық, пәндік білімін дамытады, жетілдіреді.

- мектептегі үдерісті жүргізуде әріптестер қоғамдастығында зерттеушілік мәдениет қалыптастыруға ықпал етеді.

## 5. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны

### Бағдарлама 4 бөлімнен тұрады:

1. Қазіргі білім беруді дамытудың нормативтік және психологиялық-педагогикалық аспектілері.
2. Мұғалімдердің зерттеушілік дағдыларын дамыту.
3. «Сабақты зерттеу» үдерісі арқылы оқу мен оқыту сапасын көтеру мақсатында мазмұн мен әдіс-тәсілдерді жетілдіру арқылы мұғалімдердің құзыреттілігін дамыту.
4. Вариативтік мазмұн.

**1-бөлім.** Қазіргі білім беруді дамытудың нормативтік және психологиялық- педагогикалық аспектілері. Заманауи оқу мен оқыту үдерісіндегі нормативтік - құқықтық актілер, педагогтің кәсіби этикасы, психологиялық- педагогикалық әдістер, пән мұғалімдерінің практикалық-зерттеушілік дағдыларын дамыту, зерттеушілік мәдениетін қалыптастыру мәселелері қарастырылады. Сондай-ақ, ХХІ ғасыр дағдыларына түсініктеме беру: сыни ойлау, ынтымақтастықта қарым-қатынас жасау, шығармашылық ойлау дағдылары, олардың зерттеушілік мәдениет қалыптастырудағы тәжірибелік маңыздылығы, мектептің зерттеушілік мәдениетіне әсер етуші факторлар зерделенеді.

**2-бөлім.** Мұғалімдердің зерттеушілік дағдыларын дамыту.

Мұғалімдер зерттеудің бастапқы кезеңінде күнделікті сабақтардағы бақылау күнделігін немесе цифрлық құрылғылардағы арнайы қосымшаларда жазба жүргізуді курс барысында тәжірибеден өткізу арқылы дағдыланады. Зерттеу сұрағын құрылымдауда SMART, FINER, PICOT зерттеу әдістерімен, Ф.Киркман мен Т.Ласковскийдің әдістерімен танысып, сұрақты құрылымдау алгоритмін меңгереді, жұмыс жасайды, тәжірибелері бойынша қосымша зерттеу әдістерін ұсынады.

**3-бөлім.** «Сабақты зерттеу» үдерісі арқылы оқу мен оқыту сапасын көтеру мақсатында мазмұн мен әдіс-тәсілдерді жетілдіру арқылы мұғалімдердің құзыреттілігін дамыту.

«Сабақты зерттеу» үдерісінің теориялық-әдістемелік негіздері, тарихы Жапон елінен бастау алып, Ұлыбританияда, АҚШ-та, сондай-ақ басқа да дамыған мемлекеттердің білім беру жүйесінде іске асырылып жатқандығы, ол мемлекеттердің білім беру сапасының көрсеткіштерінің жоғарылығы зерттеу үдерісінің тиімділіне алып келетіндігі, соның негізінде өзіндік ерекшелігі бар, халықаралық үлгілердің негізінде жасалып жатқан қазақстандық жүйе тәжірибелері, мектептегі Сабақты зерттеу үдерісін ендіруде қызметтерді бөлу мәселелері қамтылады.

Зерттеу топтарын құруда өздерінің оқытулары мен оқушыларының оқуын жақсарту үшін ынтымақтастықта жұмыс істеуді көздейтін мұғалімдерден құрылатындығы, командалар құрамы әкімшілік ұсынысы мен зерттеу фокусына байланысты анықталатындығы, ортақ зерттеу мәселелері бойынша топ құру негіздері, топ мүшелерінің жұмыс ережесі мен кестесін құру (хаттамалар жүргізу) мәселелері қарастырылады. Еріктілік қағидасы басшылыққа алынып, нәтижесінде көшбасшылық жүзеге асатындығы әрі

демократиялық жол таңдалатындығы, топтар құрамын визуализациялау түрлері, зерттеуші қызметіндегі сыншы дос қызметі қамтылады.

Зерттеу сұрағы немесе тақырыбы түсінігін ғылымилық тұрғыдан ашып, оларды тәжірибелік үлгілермен бөлісу қарастырылады. Зерттеу өзектілігі-тәжірибенің қажеттілігіне жауап беріп, алынған нәтижелер ғылымдағы бос орындарды толықтырса, тәжірибелік маңыздылығы - қолданылған әдістеме мен алынған деректерге байланыстылығы ескеріледі.

Сабақты зерттеу сұрағы мәнмәтінінде бірлесе жоспарлау, ол сабаққа дейінгі бақылау, яғни сабақты жоспарлау алдындағы тақырып пен мақсатқа байланысты зерттеу-зерделеу жұмыстары(бақылау күнделігі немесе цифрлық құрылғыларда жүргізілген жазбалар түріндегі деректерден сабақ жобасын жүйелеу), сабақты жоспарлау кезінде пәндік оқу бағдарламасы бойынша оқу мақсаттары, соған сәйкес сабақ мақсаты, анықталған зерттеу объектілеріне қатысты мақсаттар мен межелер, арнайы жүргізілетін нысандар, зерттеуді жүргізу, сабақты жүргізуші мұғалімнің және бақылаушылардың міндеттері, үдеріске байланысты сабақ жобасын талдау (бекітілген қысқа мерзімді жоспар жүйесіне толықтырулар ендіре отырып жасалған) қарастырылады. Ашық зерттеу сабағында мұғалімнің оқыту тәсілдерін, іс-әрекеті мен мінез-құлқын қадағалау емес, оқушының сабақ барысындағы белсенділігін, іс-әрекетін және оның не үйренгенін зерделеуге, қадағалауға бағытталғандығын ескеру керектігі назарға алынады.

Зерттеу тобы мүшелері зерттеу сұрағы/тақырыбы бойынша сабақты жоспарлау барысында жасалған болжамдардың шынайы ахуалмен байланысын әр объектіге қатысты арнайы нысанға түсірген жазбалары бойынша талқылауда пікірлеріне назар аударып, сабақтың зерттеу мақсатына қатысты бағасын беруде және келесі цикл сабақтарын байқау мен өткізу кезінде назарға алу керектігі түсіндіріледі. Құрылымдалмаған, жартылай құрылымдалған, құрылымдалған бақылау нысандарын жасау ұсынылады. Бақылаушы жүргізетін нысандағы сұрақтар, «Оқушы үніне» қатысты сұрақтар талқыланып, тәжірибелік ұсынымдар жасалады.

Деректер мен олардың түрлері және оларды жинау түрлері түсіндіріледі, тәжірибелік талқыға салынады. Ашық зерттеу сабағына дейінгі кезеңдегі байқау сабақтарында жиналған деректер мазмұны да, зерттеу сабағында жиналған деректер мазмұны да сандық және сапалық түрде аралық пен қорытынды сипатта болатындығы, олардың уақытылы талданып, нақты қорытындысы жасалуы барысында мұғалім рефлексиясының маңызды екендігі өздерінің бақылау жүргізу тәжірибесінде жинайтын деректері негізінде зерделенеді.

Зерттеу сабағынан кейінгі талқылауда қатысушылар мен олардың атқаратын қызметтерін белгілеу, талқылаудың сапалы және жүйелі жүргізілуін қамтамасыз ету үшін арнайы сценарий жасалып, сабақ жүргізген мұғалімнің талдауы («Оқушы үнін» қоса алғанда), бақылаушылар нысандарындағы жазбалар, сарапшылар пікірі тыңдалып, хаттама түзілетіндігі және келесі зерттеу циклы мен зерттеу сабағының құрылымы бойынша алғышарт жасалатындығы қамтылады.

Рефлексия Сабақты зерттеу үдерісінің негізгі әдісі болып табылады. Сабақты зерттеу үдерісі тұрғысынан шетелдік және қазақстандық

зерттеушілер ұсынған тәжірибелік сұрақтар бойынша жазбаша рефлексия жасайтын сұрақтар жүйеленіп, үлгілер жасалады. Жалпы үдеріс бойынша, зерттеу сабағы бойынша ғылыми-әдістемелік маңыздылығы басым рефлексиялық есеп жазу негізінде өз тәжірибесіне баға береді, зерттеушілік құзыреттілігінің даму деңгейін байқайды.

Зерттеу нәтижелерін жариялау шартты түрде мектепшілік және мектептен тыс болып екіге бөлінеді. Мектепшілік директор жанындағы кеңес пен педагогикалық кеңесті-ішкі тәжірибемен бөлісу(жариялау)деп, Жетекші және серіктес мектептер қоғамдастықтары арасындағы кеңестер, семинарлар, конференциялардағы баяндамалар, шеберлік сабақтары, зерттеу алаңшаларындағы галереялар, әлеуметтік желілердегі жарияланымдар-сыртқы тәжірибе алмасу деп қарастырылып, жарияланымдар үлгілері талқыланып, жобалары жасалады. Екеуіне де жатқызуға болатын зерттеу сабақтары бойынша жинақталған әдістемелік талдамалар, нұсқаулықтар, құралдар жасау арқылы тәжірибе жинақтау және тарату құралдарымен танысу ұсынылады, негіздемелері жасалады.

**4-бөлім.** Вариативтік мазмұн. Курс тыңдаушыларының қажеттіліктерін ескеріп, туындаған сұрақтарға жауап іздеу, 1 зерттеу сұрағын құрылымдап, сол бойынша сабақ жобасын дайындау біліктерін қалыптастыру, жинақтаған тәжірибесі бойынша рефлексиялық есеп жазу және жетілдіруге бағытталған.

## **6. Оқу процесін ұйымдастыру**

Біліктілікті арттыру курстары келесі кезеңде ұйымдастырылады:

Күндізгі оқу курсының оқу-тақырыптық жоспары (бұдан әрі – ОТЖ) күндізгі оқу режиміндегі курсты ұйымдастырады. Күндізгі оқу курсының ұзақтығы 80 сағатты құрайды. Бағдарламаға сәйкес курстың онлайн оқыту түріндегі оқу-тақырыптық жоспары қашықтан оқу режиміндегі курсты ұйымдастырады. Онлайн курс екі кезеңнен тұрады: онлайн – 40сағат, тыңдаушыны өз бетінше оқыту – 40 сағат.

Білім беру процесін күндізгі және онлайн оқу режимінде ұйымдастыру кезінде тыңдаушылардың білімін бағалау мақсатында зерттеу сұрағына шығу алгоритмін, зерттеу сабағының таныстырылымын жасау, оны қорғау, рефлексиялық есеп жазу шаралары өткізіледі. Білім беру процесі оқытудың интерактивті формалары мен әдістерін қамтиды.

Курсты күндізгі оқытуда семинар, Сабақты зерттеу бойынша ғалымдардың еңбектерімен танысып, топта тәжірибелік талдамалармен, бейнесабақтармен талдау жұмыстарын жүргізіп, коучинг өткізіп, рефлексик-практиктер ұсыныстары мен рефлексиялық есептер үлгілерімен танысу, деректермен жұмыс, мәселелерді бірлесіп шешу, ал онлайн курстарда вебинар, тыңдаушының өз бетінше оқуы ұйымдастырылады. Тыңдаушының өз бетінше оқуын ұйымдастыруда Сабақты зерттеу үдерісі бойынша арнайы үлгілер жасалып, зерттеушілік дағдыларын дамытатын тапсырмалар құрастырылған. Онлайн курс ZOOM білім беру платформасы арқылы жүзеге асырылады.

Білім беру процесін ұйымдастыру кезінде тыңдаушылардың білімін



бағалау өз тәжірибесі бойынша бір зерттеу сұрағын құрылымдау мен зерттеу сабағының таныстырылымын жасау және қорғау арқылы жүргізіледі.

## **7. Бағдарламаны оқу-әдістемелік қамтамасыз ету.**

**1-бөлім. Қазіргі білім беруді дамытудың нормативтік және психологиялық-педагогикалық аспектілері**

**Бөлім құрылымы**

Ұзақтығы – 4 сағат.

Күндізгі оқу режимінде (семинар – 4 сағат)

**1) Бөлімнің өзектілігі:** ҚР орта білім беру жүйесіндегі мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттары мен қағидаттарын, педагогтің кәсіби стандарты мен аттестаттау рәсімдерінің талаптарын, білім берудегі нормативтік-құқықтық актілерді және оқушылардың психикалық денсаулығы мен оқуы негізінде педагогикалық-психологиялық заманауи әдістерді өз деңгейінде тәжірибеде қолдану ауқымын кеңейту, мұғалімдердің зерттеушілік құзыреттіліктерін дамыту арқылы мектептің зерттеушілік мәдениетін қалыптастыруға ықпал ету.

**2) Бөлімнің мақсаттары мен міндеттері:**

**Мақсаты:**

- Психологиялық-педагогикалық саладағы заманауи білім беру талаптарын (МЖМБС) орындау үшін мұғалімдердің тәжірибелік дағдыларын жетілдіру, зерттеушілік құзыреттіліктерін дамыту.

**Міндеттері:**

- Педагогтің біліктілігіне, әдебіне, зерттеушілік құзыреттілігіне қойылатын талаптар негізінде нормативтік-құқықтық құжаттар мен актілердің мазмұнын зерделеу.

-Заманауи оқу мен оқытудың мазмұнын ХХІ ғасыр дағдылары мәнмәтінінде талдау,яғни сыни ойлау, шығармашылық ойлау, ынтымақтастықта қарым-қатынас жасау дағдыларын талдау.

-Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты мен білім беру психологиясы саласындағы ғылыми зерттеулердің талаптарына сәйкес сабақты ұйымдастыруда зерттеушілік дағдыларын жетілдіру.

**3) Күтілетін нәтижелер:**

-ҚР орта білім беру жүйесіндегі мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттары мен қағидаттарын түсініп, педагогтің кәсіби стандарты мен аттестаттау рәсімдерінің талаптарымен,зерттеушілік құзыреттілік, зерттеушілік мәдениет ұғымдарымен танысады.

-Білім берудегі нормативтік-құқықтық актілерді тәжірибесінде қолданып, жасөспірімдердің психикалық денсаулығын түсініп, мінез-құлық, физиологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, олардың оқуын зерттеушілік қызмет арқылы жақсартуды ұйымдастырады.

-Заманауи оқу мен оқытуда жаңашыл әдіс-тәсілдерді оқушылардың сыни ойлау, шығармашылық ойлау, ынтымақтастықта қарым-қатынас жасау дағдыларын дамыту үшін өз тәжірибелерінде қолданады.Мектепте зерттеушілік мәдениеттің қалыптасуына ықпал етеді.

## **2-бөлім. Мұғалімдердің зерттеушілік дағдыларын дамыту.**

### **Бөлімнің құрылымы**

Ұзақтығы – 10 сағат,

Күндізгі оқу режиміндегі сабақтар( тәжірибелік сабақ – 8 сағат, рефлексиялық есеп-2 сағат)

**1) Бөлімнің өзектілігі:** Оқу мен оқытудың сапасын көтеру мақсатында зерттеу жүргізу

**2) Бөлімнің мақсаттары мен міндеттері**Мақсаты:

- «Сабақты зерттеу» үдерісі негізінде білім сапасын дамытуда зерттеу әдістерін қолдану арқылы мұғалімдердің кәсіби құзыреттілік деңгейін арттыру.

### **Міндеттері:**

- Зерттеудің бастапқы кезеңінде күнделікті сабақтардағы бақылау күнделігін жүргізуге немесе цифрлық құрылғылардағы арнайы қосымшаларда жазба жүргізуге дағдылану.

- Зерттеу сұрағын құрылымдауда SMART, FINER, PICOT зерттеу әдістерін, Ф.Киркман мен Т.Ласковскийдің әдістерін қолдану арқылы сұрақты құрылымдау алгоритмін меңгеру.

-Рефлексиялау тәсілдерін білу.

### **3) «Күтілетін нәтижелер:**

- «Сабақты зерттеу» үдерісіне қатысты зерттеу әдістерін қолданады.

- Жалпы үдеріс бойынша, зерттеу сабағы бойынша рефлексия жасау арқылы рефлексиялық есеп жазу негізінде өз тәжірибесіне, оның ғылыми-әдістемелік маңыздылығына баға бере отырып, өзінің зерттеушілік құзыреттілігін дамытады.

**3-бөлім.«Сабақты зерттеу» үдерісі арқылы оқу мен оқыту сапасын көтеру мақсатында мазмұн мен әдіс-тәсілдерді жетілдіру арқылы мұғалімдердің құзыреттілігін дамыту**

### **Бөлімнің құрылымы**

Ұзақтығы – 62 сағат

Күндізгі оқу режимінде (семинар -20сағат, тәжірибелік сабақ - 24сағат, зерттеу сабағының таныстырылымы - 16 сағат,рефлексиялық есеп-2 сағат)

### **1) Бөлімнің өзектілігі:**

«Сабақты зерттеу» үдерісінің психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері негізінде пәндер мазмұнын зерттеп, оны оқу мен оқыту әдістемесін жетілдіру арқылы оқушының оқуын жақсарту мақсатында мұғалімдердің бірлескен жұмысы түрінде іске асыру арқылы зерттеушілік құзыреттіліктерін дамыту.

### **2) Бөлімнің мақсаттары мен міндеттері**

**Мақсаты:** «Сабақты зерттеу» үдерісінің психологиялық - педагогикалық үлгісі негізінде сабақты жобалау тәжірибесімен оқушылардың қажеттілігі бойынша білім сапасын көтеруде оқу мақсаттары мен зерттеу сұрағының мәнмәтінінде бірлескен жоспар жасап, онда арнайы тапсырмалар дайындауда, болжамды сұрақтар мен жауаптар

құрастыруда, зерттеу объектілерінің шынайы әрекеттерін бақылау тұрғысынан мұғалімнің оқыту тәжірибесін өзінің зерттеушілік дағдысын дамытуы арқылы жетілдіру.

#### **Міндеттері:**

- «Сабақты зерттеу» үдерісінің мазмұнын ұйымдастыруда жана буын ұрпақтарын оқыту теориясы мен әлемдік тәжірибедегі осы үдеріс бойынша жүргізілген зерттеулер мен тәжірибелерді қолдану.

- Пән мазмұны бойынша білім сапасын көтеру жұмысын ұйымдастыруда білім алушылардың қажеттіліктері мен ерекшеліктеріне сай инклюзия жағдайында белсенді оқу процесін ұйымдастыруда жобалық оқытудың әдіс-тәсілдерін қолдану, білім алушылардың азаматтық, тұлғалық қасиеттерін, мұғалімдердің зерттеушілік құзыреттіліктерін жетілдіру.

- Сабақты зерттеу мақсатында топ құрып, зерттеу тақырыбын құрылымдап, қайталанып келіп отыратын сабақты бірлесіп жоспарлау, оқыту, соның негізінде бақылау объектілерінің оқуын бақылау, деректер жинау, оларды талдау, баға беру құзыреттіліктерін дамыту.

#### **3) Күтілетін нәтижелер:**

- Мұғалімдер «Сабақты зерттеу» үдерісі арқылы оқу мен оқыту сапасын көтеру жолдарын қарастыруда зерттеушілік дағдысын дамытады.

- Пән мазмұнын ұйымдастыруда білім алушылардың қажеттіліктері мен ерекшеліктерін ескере отырып, инклюзия жағдайында олардың оқуларын зерттеу, мұғалім тәжірибесін жетілдіру мақсатында белсенді оқу процесін ұйымдастыруды жобалайды.

- Мұғалімдер бірлесіп құрылымдаған зерттеу сұрағы мәнмәтінінде зерттеу сабағының жоспарын жасайды, сабақты бақылау, талдау мен рефлексиялаудың әр түрлі нысандарын тәжірибеде қолданады, жинақталған тәжірибемен бөліседі, жариялайды, таратады.

### **4-бөлім. Вариативтік мазмұн**

#### **Бөлімнің құрылымы**

#### **ұзақтығы – 4 сағат**

күндізгі оқу режимінде ( зерттеу сабағының таныстырылымы - 2 сағат, рефлексиялық есеп жазу -2 сағат)

**1) Бөлімнің өзектілігі:** Курс бойынша кездескен қиындықтарды анықтау, туындаған сұрақтарға жауап іздеу. Курс бойынша меңгерген білімді тәжірибеде қолдану дағдысын сабақты жоспарлау таныстырылымы жобасын жасап, қорғау арқылы бағамдауға ынталандыру.

#### **2) Бөлімнің мақсаттары мен міндеттері**

**Мақсаты:**  
- Зерттеу сұрағын бірлесіп құрылымдап, соған сәйкес сабақ жоспарының таныстырылым жобасын дайындау біліктерін қалыптастыру және жетілдіру негізінде рефлексиялық есеп жаздыру.

#### **Міндеттері:**

- Үдеріс бойынша құрастырылған сабақ жоспарының жобасымен танысып, тыңдап, талқылау.

- Зерттеуге қатысты әрекеттеріне рефлексия жасайды.

#### **3) Күтілетін нәтижелер:**

- Зерттеу сабағының жоспары бойынша таныстырылымын жасап, таныстырады, бірлесіп талдайды.
- Рефлексиялық есеп жазады.

№	Тақырыптар	Семинар	Тәжірибелік сабақтар	Зерттеу сабағының презентациясы	Рефлексиялық есеп жазу	Барлығы
1	1-бөлім.	4				4

### Күндізгі оқу курсының оқу-тақырыптық жоспары

	<b>Қазіргі білім беруді дамытудың нормативтік және психологиялық-педагогикалық аспектілері</b>					
1.1	Білім берудегі нормативтік-құқықтық актілер және педагогика-психологияның заманауи оқу мен оқыту әдістері.	2				2
1.2	Мұғалімдердің зерттеушілік құзыреттіліктері мен мектептің зерттеушілік мәдениеті.	2				2
<b>2</b>	<b>2-бөлім. Мұғалімдердің зерттеушілік дағдыларын дамыту.</b>		<b>8</b>			<b>10</b>
2.1	Байқау сабақтарында жүргізілетін Бақылау күнделігі немесе цифрлық құрылғылардағы арнайы қосымшаларда жазба жүргізу жолдары.		2			2
2.2	Ф.Киркман, Т.Ласковскийлердің әдістері бойынша зерттеу сұрағын құрылымдау		2			2
2.3	SMART критерийлері арқылы зерттеу сұрағын құрылымдау.		2		2	4

2.4	FINER критерийлері бар PICOT бойынша зерттеу сұрағын құрылымдау		2			2
<b>3</b>	<b>3-бөлім. «Сабақты зерттеу» үдерісі арқылы оқу мен оқыту сапасын көтеру мақсатында мазмұн мен әдіс-тәсілдерді жетілдіру арқылы мұғалімдердің құзыреттілігін дамыту</b>	<b>20</b>	<b>24</b>	<b>16</b>	<b>2</b>	<b>62</b>
3.1.	«Сабақты зерттеу» үдерісінің теориялық-әдістемелік негіздері	2				2
3.2.	Мұғалімдердің оқытулары мен оқушылардың оқуын жақсарту үшін бірлесе ынтымақтастықта жұмыс істейтін зерттеу топтарын құру қағидаттары	2				2
3.3	Зерттеу сұрағы немесе тақырыбын ғылымилық тұрғыдан құрылымдау	2	2	2		6
3.4.	Сабақты зерттеу сұрағы мәнмәтінінде бірлесе бастапқы жоспарлау(байқау сабақтарын зерттеу-зерделеу,зерттеу объектілерін белгілеу)	2	2	4		8
3.5	Ашық зерттеу сабағын жоспарлау(пәндік оқу бағдарламасы бойынша зерттеу-зерделеу жұмыстары)	2	2	6		10
3.6	Зерттелетін объектілерге қатысты нысандар, онда берілетін болжамдар мен күтілетін нәтижелер		2			2
3.7	Ашық зерттеу сабағын жүргізетін мұғалімнің міндеті		2			2
3.8	Зерттеу объектілерін бақылаушылардың міндеті		2			2
3.9	Ашық сабақтан кейінгі талқылау	2	2	2		6
3.10	Құрылымдалмаған, жартылай құрылымдалған, құрылымдалған бақылау нысандары. «Оқушы үні»	2	2			4
3.11	Зерттеу кезеңіндегі сандық және сапалық деректер,оларды жинау мен жұмыс жасау жолдары	2	2	2		6
3.12	Зерттеу сабағынан кейінгі талқылау:сценарий,сабақты жүргізген мұғалім мен бақылаушылар деректері бойынша пікірталас,келесі зерттеу сабақтары алғышарттары		2			2

3.13	Рефлексия - «Сабақты зерттеу» үдерісінің негізгі әдісі ретінде	2	2		2	6
3.14	Зерттеу нәтижелерін жариялау: мектепшілік және мектептен тыс қоғамдастықта, әлеуметтік желілерде жариялау; тәжірибе тарату	2	2			4
<b>4</b>	<b>4-бөлім. Вариативтік мазмұн</b>			<b>2</b>	<b>2</b>	<b>4</b>
4.1	Сабақ жоспарының таныстырылымын дайындау және қорғау.			2		2
4.2	Рефлексиялық есеп жазу				2	2
<b>Барлығы</b>		24	32	18	6	80

Ескертпе: 1 академиялық сағат – 45 минут

### Онлайн оқу курсының оқу-тақырыптық жоспары

№	Тақырыптар	Вебинар	Тыңдаушыны өз бетінше оқыту	Зерттеу сабағының презентациясы	Барлығы
<b>1-бөлім</b>	<b>Қазіргі білім беруді дамытудың нормативтік және психологиялық-педагогикалық аспектілері</b>	4			<b>4</b>
1.1	Білім берудегі нормативтік-құқықтық актілер және педагогика-психологияның заманауи оқу мен оқыту әдістері.	2			2
1.2	Мұғалімдердің зерттеушілік құзыреттіліктері мен мектептің зерттеушілік мәдениеті.	2			2
<b>2-бөлім</b>	<b>Мұғалімдердің зерттеушілік дағдыларын дамыту.</b>	<b>8</b>	<b>2</b>		<b>10</b>

2.1	Байқау сабақтарында жүргізілетін Бақылау күнделігі немесе цифрлық құрылғылардағы арнайы қосымшаларда жазба жүргізу жолдары.	2			2
2.2	Ф.Киркман, Т.Ласковскийлердің әдістері бойынша зерттеу сұрағын құрылымдау	2			2
2.3	SMART критерийлері арқылы зерттеу сұрағын құрылымдау.	2	2		4
2.4	FINER критерийлері бар PICOT бойынша зерттеу сұрағын құрылымдау	2			2
<b>3-бөлім</b>	<b>«Сабақты зерттеу» үдерісі арқылы оқу мен оқыту сапасын көтеру мақсатында мазмұн мен әдіс-тәсілдерді жетілдіру арқылы мұғалімдердің құзыреттілігін дамыту</b>	<b>28</b>	<b>18</b>	<b>14</b>	<b>60</b>
3.1.	«Сабақты зерттеу» үдерісінің теориялық-әдістемелік негіздері	2	2		4
3.2.	Мұғалімдердің оқытулары мен оқушылардың оқуын жақсарту үшін бірлесе ынтымақтастықта жұмыс істейтін зерттеу топтарын құру қағидаттары	2			2
3.3	Зерттеу сұрағы немесе тақырыбын ғылымилық тұрғыдан құрылымдау	2	2	2	6
3.4.	Сабақты зерттеу сұрағы мәнмәтінінде бірлесе бастапқы жоспарлау(байқау сабақтарын зерттеу-зерделеу, зерттеу объектілерін белгілеу)	2	2	2	6
3.5	Ашық зерттеу сабағын жоспарлау(пәндік оқу бағдарламасы бойынша зерттеу-зерделеу жұмыстары)	2	4	4	10
3.6	Зерттелетін объектілерге қатысты нысандар, онда берілетін болжамдар мен күтілетін нәтижелер	2	2	4	8
3.7	Ашық зерттеу сабағын жүргізетін мұғалімнің міндеті	2			2
3.8	Зерттеу объектілерін бақылаушылардың міндеті	2			2
3.9	Ашық сабақтан кейінгі талқылау	2	2		4

3.10	Құрылымдалмаған, жартылай құрылымдалған, құрылымдалған бақылау нысандары. «Оқушы үні»	2			2
3.11	Зерттеу кезеңіндегі сандық және сапалық деректер, оларды жинау мен жұмыс жасау жолдары	2			2
3.12	Зерттеу сабағынан кейінгі талқылау: сценарий, сабақты жүргізген мұғалім мен бақылаушылар деректері бойынша пікірталас, келесі зерттеу сабақтары алғышарттары	2			2
3.13	Рефлексия - «Сабақты зерттеу» үдерісінің негізгі әдісі ретінде	2	2	2	6
3.14	Зерттеу нәтижелерін жариялау: мектепшілік және мектептен тыс қоғамдастықта, әлеуметтік желілерде жариялау; тәжірибе тарату	2	2		2
<b>4-бөлім</b>	<b>Вариативтік мазмұн</b>		<b>2</b>	<b>4</b>	<b>6</b>
4.1	Сабақ жоспарының таныстырылымын дайындау және қорғау.			4	4
4.2	Рефлексиялық есеп жазу		2		2
<b>Барлығы</b>		<b>40</b>	<b>22</b>	<b>18</b>	<b>80</b>

Ескертпе: 1 академиялық сағат – 45 минут

## 8. Оқу нәтижелерін бағалау

Тыңдаушылардың курс бойынша білімдерін бағалау Сабақты зерттеу жобасын бағалау негізінде жүргізіледі. Оны бағалау құралдары мен бағалау критерийлері ұсынылады.

### Сабақты зерттеу жобасының құрылымы, бағалау өлшемдері

Педагогтер пән мазмұны бойынша құрылымдалған Сабақты зерттеу үдерісінің сценарий/моделін құрастырады. Оқытуды жоспарлау бойынша 1 зерттеу сабағының жоспарын ұсынады.

### Сабақты зерттеу жобасын бағалау критерийлері

- Сценарий/модель таңдау негіздемесі;
- Сабақты зерттеу тобының құрамын таңдау негіздемесі(топ құру қағидаттары/ережелері, ортақ мәселе/туындауы мүмкін қиындықтар);



- Сабақты зерттеуде таңдалған сұрақ/тақырып мақсатының негіздемесі;
- Бақылау түрлері және критерийлерін таңдау негіздемесі;
- Сабақты талқылау әдісі/формасының негіздемесі;
- Тәжірибе тарату және нәтижелерді жариялаудың жоспарланған формасы.

### **Жоба зерттеу сабағының құрылымы(1цикл бойынша ашық зерттеу сабағы)**

- Оқу жоспарындағы сабақ тақырыбы. Оқу мақсаттары.
- Сабақ мақсаты оқу мақсаттарына сәйкес, зерттеу сұрағы/тақырыбы бойынша зерттеу объектілерінің қажеттіліктерін ескере отырып тұжырымдалған.
- Белсенді әдістерді қолдану. Сабақтың әр кезеңіндегі (сабақтың басы, ортасы, соңы) әрбір зерттелетін оқушының(А,В,С) әрекеті.Сабақта қолданылатын әдістер зерттелетін оқушыларды оқуға ынталандыратын, сабақтың мақсатына, зерттеу нәтижесіне жетуге ықпал ететін әдістерден болуы қажеттігі; Әрбір объектінің (А,В,С) сабақтағы болжамды әрекеттері жауап түрінде жобаланып,бақылау парағында көрініс беруі;
- Критериалды бағалауды енгізу. Бағалау құралдарын (бағалау критерийлері, ойлау дағдысының деңгейі, тапсырма, дескриптор), кері байланыс үшін бағалау әдістерін қолданады. Бағалаудың оқу мақсаттарына сәйкестігі, қалыптастырушы бағалау оқытуды қолдайтындығы.
- Саралау әдістерін қолдануы. Зерттелетін объектілердің қажеттіліктеріне сай тапсырмаларды оқу мақсаты негізінде зерттеу нәтижесіне қол жеткізетіндей етіп құрастыруы. Оқушыларды қолдауы.
- Сабақ материалдары мен зерттеу нысандарының, ресурстардың қамтамасыз етілуі.

### **Жоба зерттеу сабағын бағалау критерийлері**

<b>№</b>	<b>Бағалау критерийлері</b>	<b>Балл</b>
1	Сабақ мақсатының зерттеу мақсатына сай зерттеу объектілерінің әрекеттерін саралау форматында құрастырылуы(сараланған мақсат).	
2	Белсенді әдістердің барлық оқушыларды оқыту процесінетартуы және оқыту мақсатын зерттеу сұрағы/тақырыбы тұрғысынан іске асыруға бағытталуы.	
3	Критериалды бағалауды енгізу. Бағалау құралдары мен бағалау әдістерін қолдану. Қалыптастырушы бағалау оқу мақсаттарына сәйкес оқытуды қолдауы.	
4	Саралау әдістерін қолдану. Зерттелетін оқушылардың қажеттіліктерін есепке алу.	
5	АКТ ресурстарын қолдану.	
6	Баяндаудың қолжетімділігі және шынайылығы. Рефлексия жасай білу.	
7	Тайм-менеджментті сақтау.	

Жоба таныстырылымы келесі шкала арқылы бағаланады:

- 0 балл – бағалау элементі жоқ;
- 1 балл – дәлелдер әлсіз;
- 2 балл – орташа дәлелдер;
- 3 балл – күшті дәлелдер.

Тыңдаушылардың жоба таныстырылым бойынша білімін бағалау балдарды бес балдық жүйеге ауыстыру арқылы жүзеге асырылады:

- 1) «Өте жақсы»:3
- 2) «Жақсы»: 2
- 3) «Қанағаттанарлық»: 1

### 9. Курстан кейінгі қолдау

Тыңдаушылармен байланыс орнату құралдары:

- Онлайн конференция Zoom-мен кездесу өткізу, Facebook, Instagram әлеуметтік желіде вебинарлар өткізіп, ақпараттармен бөлісу, Whatsapp желісінде кері байланыс орнату.

Ресурстық қамтамасыз ету:

- Қысқа мерзімді зерттеу сабақтары топтамасының электронды сілтемесі (Әдістемелік нұсқаулық).

#### 3. «Сабақты зерттеу» кейсі

Педагогтің кәсіби өсу траекториясын қолдау:

- Тыңдаушылардың сабақ өткізу туралы рефлексиялық есептер жинағы (Әдістемелік басылым).
- «Педагогикалық идеялар панорамасы», «Үздік педагог» конкурсы.
- Ғылыми мақалалардағы тәжірибені жинақтау.
- БАҚ-қа мұғалімдердің шеберліктері бойынша мақалаларын жариялау.
- Педагогтің қатысуымен өткізетін тәжірибелік семинар, онлайн семинар, вебинар, шеберлік сағаттары, пікірталас алаңдарын өткізу іс-шараларын жоспарлау.

### Курстан кейінгі қолдау шеңберінде білім беру ұйымдарының басшыларына әдістемелік көмек көрсетудің нысандары мен тәсілдері

№	Іс-шаралар атауы	Аяқталу формасы	Куратордың мұғалімді сүйемелдеуі
1	Қалалық, республикалық, халықаралық деңгейдегі іс-шараларға қатысу (конференция, семинар, вебинар, форум және т. б.)	Сертификат, жинаққа материал	Кеңес

2	Кәсіби конкурстарға қатысу	Қатысу нәтижесі	Кеңес
3	Оқушыларды ғылыми жобаға, олимпиадаға, шығармашылық конкурсқа дайындау	Анықтама	Кеңес
4	Оқушыларды олимпиадаға, конкурсқа дайындау	Ашық сабақ жоспары	Кеңес
5	Ғылыми - педагогикалық мақалаларды жариялау	Мақала	Кеңес
6	Әдістемелік ұсынымдар мен оқу құралдарын әзірлеу	Әдістемелік нұсқаулық, оқу құралдары, оқу бағдарламалары	Кеңес/бірлескен авторлық жұмыс

## 10. Әдебиеттер мен ғаламтор ресурстары тізімі

1. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III «Білім туралы» Заңы (өзгерістер мен толықтырулармен 24.11.2021 жыл). URL: [https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=30118747](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30118747)
2. «Сапалы білім беру «Білімді ұлт» ұлттық жобасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 726 Қаулысы. <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2100000726>. (өтініш берген күні: 04.12.2021).
3. Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. Интернет-ресурс: <http://www.enu.kz/downloads/iyun/goso-2018-mag-doc.pdf>
4. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Негізгі орта және Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты
5. Білім беру ұйымдарына қашықтан оқытуды ұсыну бойынша қойылатын талаптарды және қашықтан оқыту бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы ҚР БҒМ 2015ж. 20 наурыздағы № 137 бұйрығы (03.11.2021ж. берілген өзгерістермен және толықтырулармен)
6. ҚР «Цифрландыру Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы. – Астана, 2017. «2022-2023 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы». Әдістемелік нұсқау хат. – Нұр-Сұлтан: Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА, 2022. – 320
7. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2008 жылғы 18 наурыздағы «Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» №125 Бұйрығы (2019 жылдың 26 қарашасындағы №509 өзгерістермен).
8. Мұғалімге арналған нұсқаулық, «Мұғалім тәжірибесіндегі зерттеу» мектепшілік кәсіби білім даму курсының білім беру бағдарламасы. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2018ж
9. Калгинбаева Ж.С. «Сабақты зерттеу» әдісін оқыту үдерісіне ендіру тәжірибесінен: тәжірибелік әзірлемелер жинағы., Матаева С.Р., Сыздықбаева Р.Г., Абильдаева Г.С., Ангаралиева П.Б., Шатырбекова А.А. – Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2016.-132б.
10. «Lesson Study» кітапшасы, «Жарқын» баспаханасы, Алматы, 2022
11. Байғаринова Ж.Ж. Исследование урока (Lesson Study): от А до Я/ Астана: АОО «Назарбаев Интеллектуальные Школы» Центр Педагогического мастерства, 2016-32 с
12. А.А.Ошақбаева, Сабақты зерттеуді қалай сапалы жүргізуге болады? Әдістемелік ұсыным, Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2016,-35б
13. Мельникова Ю.Г., Постановка исследовательского вопроса в рамках реализации исследования/ Астана: АОО «Назарбаев Интеллектуальные Школы» Центр Педагогического мастерства, 2017- с.42
14. Абдраманова К.С., Сабақты зерттеу-бірлескен оқу тәсілі: әдістемелік

нұсқаулық, Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДБҰҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2017, -80б

15. ПШО Кембридж университеті Білім беру факультетімен бірлесіп әзірлеген ҚР педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру курстарының деңгейлі бадарламасына арналған глоссарий/оқу-әдістемелік құрал, Астана, 2012ж.

16. Lesson Study UK [www.lessonstudy.co.uk](http://www.lessonstudy.co.uk), Пит Дадли

17. «Педагогикалық/педагогический диалог» журналы, «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДБҰҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 4(22)2017ж.

18. Lesson Study box-әдістемелік ресурсы

19. «Исследование урока» <http://www.lessonstudy.kz>



20. Тошия Чичибу.Лессон стади(пособие).pdf

23. <https://kk.wikipedia>

24. <https://martebe.kz/shy-armany-taldaj-otyryp-debi-syn-zh-ne-jesse-zhazu/>

25. <https://smk.edu.kz/>